


Адам, оның мәні мен өмір сүруі



Өмір-бага жетпес сый

- Біз әдетте кез-келген нәрсенің мәнін, мағынасын белгілі бір дәрежеде анықтап үйренгенбіз. Көп нәрсе көзге көрініп, сезіліп тұрғандықтан оның мәні де тезірек байқалады. Алайда адамның көзіне көрінбейтін, уақытпен бірге ағып бара жатқан өмір деген абстрактілі ұғымның мағынасын немен анықтап дәл айтуға болады.

Адам өмірінің мәні неде?



Өмірдің мәні - қарапайым адам бола білуде,
әрбір сәттен ләззат алуда, талпыныс жасауда,
әрбір нәрсенің байыбына жетіп қастерлеуде.
Бұл негізінде мынадай деп қадап, пішіп, кесіп,
қатып қалатын нәрсе емес. Әр адам үшін әр
түрлі.

Өмір деген Алланың баға жетпес сыйы бұл.
Қадырын ұғып, қажеттісін бойыңа жиып, түсіне
білу керек. Қылған іске өкінбей, арманына жету
үшін досқа берік, жақсыға серік , ақ пейілді адам
болу керек!

Адам өмірінің мәні

- өмірдің өзі үлкен жол! Өмірдің мәні өмір сүре білу. Сол өмірде Аллахтың бізге деген маҳаббатын сезіне білу . Аллах бізге жүрек берди ол бізді бағыттайды: ол бағыт біздін амал істерімізге байланысты болмак. Өмір мәні ол жүректің тазалығы; анықтың бізге деген сүйспеншілігі; басқаларға көмектесіп тек істеріміздің бәрі иғі істерден құралуы, ең бастысы Аллахты сезіне білу оның бізге берген бар нәрсесін сенің осы өмірдегі бақытың екенін сезіне білу. Алламыз бізге қолымыздан келмейтін нарсе бермейді, Аллахтың осындай мейрімі кереметкой сол күш куат бермейме жанға?! Кереметкой бұл өмір!!!!)))

- Өмір – сырға толы, қызық әлем. Жүрекке бірде қуаныш сыйлап, шаттандырса, бірде еріксіз мұнға бөлейді. Менің түсінігімше, өмір – теңдесі жоқ, құдіретті күш иесінің бізге ұсынған сыйлығы. Біз, яғни адамзат баласы сол ғаламат сыйлықтың қадіріне жетіп, бағалай білуіміз қажет. «ӨМІР -КҮРЕС» дейді ең бастысы «Дүние алма кезек» дегендей, жалғандағы БАРША қындықтың уақытша екендігін ұғынып, «ӨМІР» атты кемеде қатарынан қалмай жолында кездескен қындықтардың барлығын да жеңе білу керек.